

«Тәуелсіздігім мен өзінді жырлаймын»

«Қарлығаш» тобы.

Утаралиева.Нургул.

Әйтеке би кенті.

2018-2019 оқу жылы.

Тәуелсіздігіміз - мен өзімді жырлаймын.

Көнейтілген оқу қызметі.

Мақсаты: Бүлдіршіндерге еліміздің тарихы туралы түсінік беру. Рәміздерімізді кәсіпкерлерге үйрету. Өз отанын сүйюге, халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін сақтап, әрі қарай жалғастыруға, ұлтжандылыққа, достыққа, саналылыққа, елін, жерін қорғауға тәрбиелеу. Сөйлеу мәнерін қалыптастырып, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап берулерін қалағалау.

Көрнекіліктер: Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың портреті, Қазақстан республикасының туы, елтаңбасы, әнұраны және тағы кітапшалар.

Көрме: Астана қаласындағы көрнекі орындар.

Әдіс-тәсілдері: Слайд, түсіндіру, көрсету, сұрақ жауап.

Тәрбиеші: Балалар, біздің бүгінгі оқу қызметіміз ерекше. Балалар алдымызда 16 желтоқсан Тәуелсіз күні мерекесі жақындап келеді. 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының тәуелсіз алған күні. Қазақстандықтар бұл күнді асыға күтеді, тойлайды. Бұл ең үлкен мерекелердің бірі. Қазақстан Республикасы 1991 ж 16 желтоқсанда өзінің тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет болды. Ол бүгінде дүние жүзінің көптеген елдермен достық байланыс орнатқан, бүкіл әлем таныған елге айналды. Біздің елімізді жерімізді тұңғыш елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басқарды. Біз өзіміздің Әнұранымызбен, Туымызбен, Елтаңбамызбен басқа елдерге мақтаныш етеміз.

Барша халық тыңдаған,

Біздің үміт тілекті,

Шырқалғанда әнұран

Шаттық кернеп жүректі.

Қазақстан республикасының әнұраны орындалады.

Тәрбиеші: Кім айтады еліміз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан Республикасы.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыздар. Балалар ерте кезде біздің елімізді хандар, сұлтандар, билер басқарған. Ал қазір өзіміздің елбасымыз басқарады. Балалар сендер, білесіңдер ме, елбасымыз кім?

Балалар: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыздар. Біздің елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің тұңғыш президенті болып 1991 жылы 1 желтоқсанда сайланды. Жылда 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күні мерекесі болып аталып өтіледі.

Мен қазір сендерге Желтоқсан оқиғасы туралы қысқаша айтып беремін. 1986 жылы Желтоқсан оқиғасында Ербөл Сыпатаев, Қайрат Рысқұлбеков, Лязат Асанова, Сагира Мұқаметжанова тағы басқа жап-жаас аға апаларымыз құрбан болды. Содан бері 27 жыл өтседе біз бұл азаматтарды ұмытпай әр жыл сайын басымызды иіп, еске аламыз.

Өздері өмірлерін қисада артында өшпес іздері қалды. Олардың арман тілегі орындалды. Қазір біздің еліміз тыныш, жақсы өмір сүріп жатыр.

Тәрбиеші: Балалар, Тәуелсіздікке арналған тапқатарымызды айтайықшы.

Айерке: Егеменді елдің біздер.

Ұланымыз жас қанат.

Апайларға сәлеміміз.

Құттықтаудан бастаймыз.

Сартай: Ызғарлы қыс- тоқсан күн

Желтоқсан деп аталған.

Желтоқсанда жастарым

Тәңірінен бата алған.

Бибінұр: Жыр арнадым еліме тебірене,

Үміт артам елімнің ертеңіне.

Тәуелсіздік алғалы көп жыл болып

Отаным жылдан жылға көркеюде.

Нұрселам:

Біргемін мәңгі сенімен.
Ешқашан сені сатпаймын
Өзіңе деген өлшеусіз
Құрметімді сақтаймын
Арнаймын саған ән-жырды
Сен туралы жырлаймын
Көркейе бер. Отаным.
Сенсіз жерге сыймаймын.

Мәди:

Отан-анаң аяулы,
Отан-әкең, ақылшың
Отан -асыл арманың
Аялаған өз елін.

Нұршапағат:

Қазақтың жері кең байтақ
Бабамның берген еншісі
Желбірей бер көк аспан
Отанымның белгісі.

Марлен:

Көк аспанда көкпеңбек
Қазақстан жалауы
Көк емес ол тектен тек,
Елдің ашық қабағы.

София:

Атаң артық, жаны аштық.

Әй отаным Отаным,

Үмітші мен ақтан.

Үлестімі қосамын.

Хамза:

Елтанбасы елімінің

Неткен айбат әлемі.

Тұнғырлыдай көңілің

Ортада аспан әлемі.

Тәрбиенші: Енді бағалар тағыз да «Отан» «Қазақстан» туралы тақпақ

Айшабигі:

Арқасында күнді алып

Қыранымыз самтап жүр.

Көк туымыз желбіреп.

Жер мен көкті жалғап жүр.

Ернұр:

Әділдік жеңіп соңында

Тәуелсіз болды еліміз

Татулықпен бірлікпен

Түлдей бер, туған жеріміз.

Алтын күн аспаны

Алтын дән даласы

Айтатын әнұран

Қай елдің даласы. (Қазақ елінің даласы)

Еліміздің тірелі

Жеріміздің жүрелі

Бас қаламыз есімі

Қонақ кім біледі? (Астана)

Қос шапқарым қос қанат.

Шапқарым күн менің

Шолпан жүлдыз маңдайда.

Елтанбағмой бұл менің (Қазақстан мемлекетінің

Елтанбасым.

Көк аспанның түсі бар.

Ортасында күні бар.

Қыран ұшқан қалықтап

Кімнің туы біліп ал. (Қазақстан мемлекетінің туы)

Туымыздан күн қарап

Күлімдейді әлемге

Күнмен бірге қандай құс

Қанат қаққан бар елге (Қыран)

Есімізге түсірейікші Туымыздың түсі қандай: Мына суретте не бейнеленген.

Балалар: Ту, көк.

Көк ашық аспанды білдіреді. Қыран құс еліміздің тыныштығы мен тәуелсіздігінің белгісі. Ою-өрнек қазақ халқының өнерінің шеберлігінің белгісі.

Балалар ал мынау не?

Балалар: Елтаңба.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар. Бұл Қазақстан Республикасының Елтаңбасы. Шаңырақ Қазақстан атты үйіміздің жарық түсетін саңлағы. Арғымақ – еркіндіктің белгісі. Масақ – тоқшылықтың белгісі. Жұлдыз-жол сілтеуші жарық белгі.

Би: «Тәуелсіз елім»

Тәрбиеші: Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздік алды, және егемен ел болғанымызға 27 жыл толды. Балаларға тәуелсіздікке арналған видео ролик көрсету.

Тәрбиеші : « Тәуелсіздік алдық» дегенді қалай түсінеміз:

Мәрілеп: Тәуелсіздік еліміздің жер теңдігі өзінде және туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар.

Тәрбиеші: Енді, балалар «Көк тудың желбірегені» деген әнді айтайық.

Ән: «Көк тудың желбірегені»

Тәрбиеші: Сонымен балалар біздер бүгінгі «Тәуелсіздігім мен өзінді жырлаймын» атты кеңейтілген оқу іс-әрекетімізді аяқтаймыз. Тәуелсіздігім мәңгілік болсын деген тілекпен, сіздермен қоштасамын.

“Тәуелсіздік мен Өзінді Жырмаймын”



www.zira.kz